

Айыртау аудандық мәслихатының 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 6-38-14 "2020-2022 жылдарға арналған Айыртау ауданы Арықбалық ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 2020 жылғы 25 қарашадағы № 6-47-6 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 27 қарашада № 6732 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-1-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-7-тармағына сәйкес, Айыртау аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2020-2022 жылдарға арналған Айыртау ауданы Арықбалық ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" Айыртау аудандық мәслихатының 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 6-38-14 шешіміне (2020 жылғы 15 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған, нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5793 болып тіркелді) келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1- тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2020-2022 жылдарға арналған Айыртау ауданы Арықбалық ауылдық округінің бюджетін осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3- қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 131 268,5 мың теңге:

салықтық түсімдер – 8 784,5 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 122 484,0 мың теңге;

2) шығындар – 194 981,7 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -63 713,2 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) –

63 713,2 мың теңге:

қарыздар түсімі – 62 297,0 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары –1 416,2 мың теңге.";

6- тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"6. 2020 жылға арналған ауылдық округ бюджетінде облыстық бюджеттен нысаналы трансферттер 13 038,8 мың теңге сомасында ескерілсін.

Көрсетілген облыстық бюджеттен нысаналы трансферттердің бөлуі 2020-2022 жылдарға арналған Арықбалық ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы Айыртау аудандық мәслихаттың шешімін іске асыру туралы ауылдық округ әкімінің шешімімен айқындалады.";

7- тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"7. 2020 жылға арналған ауылдық округ бюджетінде аудандық бюджеттен нысаналы трансферттер 21 119,0 мың теңге сомасында ескерілсін.

Көрсетілген аудандық бюджеттен нысаналы трансферттердің бөлуі 2020-2022 жылдарға арналған Арықбалық ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы Айыртау аудандық мәслихаттың шешімін іске асыру туралы ауылдық округ әкімінің шешімімен айқындалады.";

7-2- тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"7-2. 2020 жылға арналған ауылдық округ бюджетінде облыстық бюджеттен ішкі қарыздар қаражатынан 62 297,0 мың теңге сомасында кредиттер ескерілсін.

Көрсетілген облыстық бюджеттен кредиттер бөлуі 2020-2022 жылдарға арналған Арықбалық ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы Айыртау аудандық мәслихаттың шешімін іске асыру туралы ауылдық округ әкімінің шешімімен айқындалады.";

келесі мазмұндағы 7-3- тармағымен толықтырылсын:

"7-3. 2020 жылға арналған ауылдық округ бюджетінде республикалық бюджеттен нысаналы трансферттер 72 349,2 мың теңге сомасында ескерілсін.

Көрсетілген республикалық бюджеттен нысаналы трансферттердің бөлуі 2020-2022 жылдарға арналған Арықбалық ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы Айыртау аудандық мәслихаттың шешімін іске асыру туралы ауылдық округ әкімінің шешімімен айқындалады.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Айыртау аудандық мәслихаты
XLVII сессиясының төрағасы
Солтүстік Қазақстан облысы
Айыртау аудандық мәслихатының*

А.Байгарин

Б.Жанахметов

Айыртау аудандық мәслихатының
2020 жылғы 25 қарашасы
№ 6-47-6 шешіміне
қосымша
Айыртау аудандық мәслихатының
2019 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 6-38-14 шешіміне
1 қосымша

2020 жылға арналған Айыртау ауданы Арықбалық ауылдық округінің бюджеті

Санаты			Атауы	Сома , мың теңге
Сыныбы				
Кіші сыныбы				
1	2	3	4	5
			1)Кірістер	131 268,5
1			Салықтық түсімдер	8 784,5
	01		Табыс салығы	1 547,5
		2	Жеке табыс салығы	1 547,5
	04		Меншікке салынатын салықтар	7 237,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	95,0
		3	Жер салығы	500,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	6 642,0
2			Салықтық емес түсімдер	0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
4			Трансферттер түсімі	122 484,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	122 484,0
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	122 484,0
Функционалдық топ			Атауы	Сома , мың теңге
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
Бағдарлама				
1	2	3	4	5
			2) Шығындар	194 981,7

01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	2 7 845,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 7 845,0
	001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	2 7 245,0
	022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	600,0
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	8 6 648,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	8 6 648,0
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	3 350,0
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	1 100,0
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	8 1 263,0
	014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	935,0
13		Басқалар	8 0 488,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	8 0 488,0
	040	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	100,0
	057	"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру	8 0 388,0
15		Трансферттер	0,7
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0,7
	048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	0,7
		3) Таза бюджеттік кредиттеу	0
		Бюджеттік кредиттер	0
		Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
		4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
		Қаржы активтерін сатып алу	0
		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		5) Бюджет тапшылығы (профициті)	-63 713,2
		6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	6 3 713,2
7		Қарыздар түсімдері	6 2 297,0
	01	Мемлекеттік ішкі қарыздар	6 2 297,0

	2	Қарыз алу келісім-шарттары	62 297,0
		Қарыздарды өтеу	0
Санаты		Атауы	Сома , мың теңге
	Сыныбы		
	Кіші сыныбы		
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	1 416,2
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары	1 416,2
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	1 416,2

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК